

Алматы облысының жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2026 жылғы 5 тамыздағы № 53-314 шешімі

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 628-бабына және Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы облысының жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Мәслихат төрағасы м.а.

М. Бигелдиев

Алматы облыстық мәслихатының 2026
жылғы 5 тамыздағы № 53-314
шешіміне қосымша

Алматы облысының жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

№	Арнаулы су пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	2026 жылға төлемақы мөлшерлемелері, теңге
Балқаш және Алакөл көлдері бассейні			
1.	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 есептегенде текше метр	57,52
2.	Жылу энергетикасын қоса алғанда, өнеркәсіп	теңге/1000 есептегенде текше метр	172,57
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/ 1000 есептегенде текше метр	17,26
4.	Су көздерінен алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/ 1000 есептегенде текше метр	17,26
5.	Гидроэнергетика	теңге /1000 кВт.сағат	402,66
6.	Су көлігі	теңге/1000 т.шақырым	86,28

